# Литва Республикасының Президенті Валдас Адамкустың Қазақстан Республикасына 2000 жылғы 10-12 мамырдағы мемлекеттік сапары және сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-литва үкіметаралық комиссиясының бірінші мәжілісі барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 шілде N 1069

Литва Республикасының Президенті Валдас Адамкустың Қазақстан Республикасына 2000 жылғы 10-12 мамырдағы мемлекеттік сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-литва ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Литва Республикасының Президенті Валдас Адамкустың Қазақстан Республикасына 2000 жылғы 10-12 мамырдағы мемлекеттік сапары және сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-литва үкіметаралық комиссиясының бірінші мәжілісі барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөніндегі шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жарты жылда кемінде бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне жоспардың орындалу барысы туралы хабарлайтын болсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 шілдедегі N 1069 қаулысымен бекітілген

## Литва Республикасының Президенті Валдас Адамкустың Қазақстан Республикасына 2000 жылғы 10-12 мамырдағы мемлекеттік сапары және сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-литва үкіметаралық комиссиясының бірінші мәжілісі барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске

**асыру жөніндегі іс-шаралар**
**Жоспары**

-----------------------------------------------------------------

N ! Іс-шара ! Орындалу ! Орындауға
р/б! ! мерзімі ! жауаптылар

-----------------------------------------------------------------

1 ! 2 ! 3 ! 4

-----------------------------------------------------------------

1 Мынадай құжаттардың күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүргізу:

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2000 жылдың Туризм және спорт
мен Литва Республикасының Үкіметі IV тоқсаны жөніндегі агенттік
арасында Туризм саласындағы
ынтымақтастық туралы келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі -//- Мемлекеттік кіріс
мен Литва Республикасының Үкіметі министрлігінің
арасындағы Кеден істеріндегі Кеден комитеті
ынтымақтастық және өзара көмек
туралы келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі -//- Ішкі істер
мен Литва Республикасының Үкіметі министрлігі
арасындағы Ұйымдасқан қылмысқа,
есірткі мен психотроптық заттардың
заңсыз айналымына, терроризмге
және қылмыстың өзге де түрлеріне
қарсы күрестегі ынтымақтастық
туралы келісім

2 Шарт-құқықтық базаны кеңейту

Мынадай құжаттардың жобаларын қол қоюға әзірлеу:

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2000 жылдың Мемлекеттік кіріс
мен Литва Республикасының Үкіметі II жартыжылдығы министрлігінің
арасында Салық заңнамасын бұзу. Салық полициясы
шылықпен күрес саласындағы комитеті
ынтымақтастық жөніндегі келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі -//- Сыртқы істер
мен Литва Республикасының Үкіметі министрлігі

| | | |
|---|---|---|
| арасындағы Екі мемлекет азаматтарының өзара жүріп-тұрулары туралы келісім | | |
| Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Литва Республикасының Банкі арасындағы Есеп айырысуларды ұйымдастыру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама | -//- | Ұлттық Банк (келісім бойынша) |
| Мынадай құжаттарға қол қою мүмкіндігін қарастыру: | | |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстанда қаза болған литва саяси тұтқындары мен жер аударылғандарының зираттары мен ескерткіштерін күту туралы келісім | -//- | Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломатиялық төлқұжаттары бар азаматтардың екі жақты визасыз жүріп-тұруы туралы келісім | -//- | Сыртқы істер министрлігі |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі арасындағы Білім, ғылым және мәдениет салаларындағы ынтымақтастық туралы келісім | -//- | Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі арасындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | -//- | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| 3 Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-литва үкіметаралық комиссиясының бірінші мәжілісінің хаттамасын орындау | | |
| Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-литва үкіметаралық комиссиясының бірінші мәжілісі барасында қол жеткізілген | Жарты жылда бір рет | Экономика министрлігі (шақыру), Көлік және коммуникациялар министрлі. |

| | | |
|---|---|---|
| уағдаластықтарды іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдау және оның нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар ету | | гі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Инвестициялар жөніндегі агенттік, Сауда-өнеркәсіп палатасы (келісім бойынша), "ҚазТрансОйл" МТҮК (келісім бойынша) |
| Ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу саласындағы:<br>мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және оларды өңдеу жөнінде<br>өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру жөнінде ынтымақтастық мүмкіндіктерін зерттеу | Тұрақты негізде | Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| "Мажекю нафта" АҚ мұнай өңдеу зауыты үшін шикі мұнай жеткізу, Бутингедегі мұнай терминалы арқылы қазақстан мұнайының транзитін және "Клайпедос нафта" терминалы арқылы мұнай өнімдерін тасымалдау мүмкіндіктерін зерттеу | 2000 жылдың II жартыжылдығы | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, "ҚазТрансОйл" МТҮК (келісім бойынша) |
| Литва Республикасының терминалдары мен Клайпеда теңіз портының инфрақұрылымдарын пайдалану үшін:<br>қазақстан жүктерін Клайпеда халықаралық паром өткелі арқылы Батыс Еуропа елдеріне және олардан паромдармен артық тиеусіз темір жол вагондарымен және автокөлік құралдарымен тасымалдау;<br>Клайпеда теңіз портында сұйытылған газды қайта тиеу жөнінде жаңа | 2000 жылдың II жартыжылдығы | Көлік және коммуникациялар министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | терминал құру; қазақстан тауарлары бар контейнерлердің транзиті үшін Клайпеданың жаңа контейнер терминалының қуаттарын пайдалану; Клайпеда портының тұрақты кеме қатынасы желілерін және желілік кеме қатынасын пайдалана отырып Клайпеда порты арқылы қазақстан жүктерін транзитпен тасымалдау; жүк тасымалдауға рұқсат беру және квоталар арттыру рәсімін жеңілдету мүмкіндіктерін зерттеу | | |
| | Қазақстан және Литва шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында қалыптасқан берешектер туралы ақпарат дайындау және оны реттеу жөнінде ұсыныстар енгізу | 2000 жылғы 15 тамызға дейін | Экономика министрлігі (шақыру), Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі |
| | Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-литва үкіметаралық комиссиясының кезекті мәжілісін екі елдің кәсіпкерлерін қатыстыра отырып Клайпедада (Литва Республикасы) өткізу | 2001 жылғы наурыз-сәуір айлары | Экономика министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 4 | Литва Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасына 2000 жылғы 10-12 мамырдағы мемлекеттік сапары барысында қол жеткізілген қосымша уағдаластықтарды іске асыру | | |
| | Шағын кәсіпкерлік және жиһаз бен ағаш өңдеу өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастықты дамыту | Тұрақты негізде | Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Экономика |

| | | |
|---|---|---|
| | | министрлігі, Энер. гетика, индустрия және сауда министр. лігі, Сыртқы істер министрлігі |
| Алматы қаласы (Қазақстан Республикасы) мен Вильнюс қаласы (Литва Республикасы) арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-техни. калық және мәдени ынтымақтастық туралы келісімге Астана қаласы әкімінің аппараты (Қазақстан Республикасы) мен Вильнюс қаласының өзін-өзі басқаруы (Литва Республикасы) арасындағы Қосымша хаттама шеңберінде ынтымақтастықты дамыту | Тұрақты негізде | Астана қаласының әкімі |
| Транзит және тасымалдау саласындағы ынтымақтастықты дамытуды жалғастыру. Көлік саласында бекітілген келісімдердің практикалық іске асуын қамтамасыз ету | Тұрақты негізде | Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы мұнай компаниялары арасында басталған диалогты жалғастыру. Осы компаниялар арасында коммерциялық негізде ұзақ мерзімдік сауда байланыстарының орнауына көмек көрсету | Тұрақты негізде | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Экономика министр. лігі, Сыртқы істер министрлігі, "Қазақойл" МҰК (келісім бойынша), "ҚазТрансОйл" МТҰК (келісім бойынша) |
| Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовтің Литва Республикасына жұмыс сапарын Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар, Ауыл шаруашылығы министрлерінің, сондай-ақ мұнай | 2000 жылдың IV тоқсаны | Сыртқы істер министрлігі |

компаниялары басшыларының бірге жүруімен ұйымдастыру

-----------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК